

Орталық Азия аумағының тарихи карталарда көрсетілу ерекшеліктері және оларды оқытуда қолданылатын картографиялық тәсілдер мен мағыналық үлгілер

Р.А.Каратабанов¹, Ж.Ф. Тенькебаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан Республикасы

²«Назарбаев зияткерлік мектептері»

ДБҰҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы»

Астана, Қазақстан Республикасы

*ruslan.karatabanov@gmail.com



Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – IX–XIX ғасырлардағы тарихи карталар негізінде Орталық Азияның исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлерде бейнелену ерекшеліктерін талдау және кеңістікті аңғарудың мағыналық құрылымдарын анықтау. Контенттік және семиотикалық талдау арқылы 32 тарихи картадағы проекциялық жүйелер, визуалдық тәсілдер мен символдық кодтар қалпына келтірілді, нәтижесінде карта артефактісін үш деңгейлі модель (техника → мағына → аңғару) негізінде түсіндіру тәсілі жасалды. Нәтижелер ислам картографиясында өңірдің киелі орталық ретінде, қытай дәстүрінде әкімшілік шет аймақ ретінде, еуропалық дәстүрде өлшеу және жүйелеу объектісі ретінде, ал ресейлік картографияда ғылыми игеру мен империялық бақылау кеңістігі ретінде бейнеленетінін көрсетті. Зерттеу тарихи карталардың кеңістікті тек географиялық емес, мәдени-өркениеттік тұрғыдан да түсіндіретін күрделі интеллектуалды құрылым екенін дәлелдейді; бұл тұжырымдар картографиялық ойлауды, кеңістіктік бірегейлікті және тарихи-географиялық деректерді оқу тәжірибесінде қолдану әлеуетін арттырады.



Кілтті сөздер: тарихи картография, Орталық Азия, проекция, символика, кеңістіктік аңғару.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Каратабанов, Р.А., Тенькебаева, Ж.Ф. Орталық Азия аумағының тарихи карталарда көрсетілу ерекшеліктері және оларды оқытуда қолданылатын картографиялық тәсілдер мен мағыналық үлгілер [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №4. – С. 55-72.

Кіріспе

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тарихи білімді жаңғыртумен қатар, Орталық Азияның кеңістіктік бейнесін ғылыми тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Тарихи карталар аймақты түсіндірудің маңызды құралы болып табылады, алайда оларда өңір сыртқы акторлардың дүниетанымы мен геосаяси мүдделеріне сәйкес «шет аймақ», «бос дала»

немесе «империялық ықпал кеңістігі» ретінде ұсынылған стигмалар жиі кездеседі. Мұндай модельдер қазіргі қоғамдық дискурсқа да ықпал етіп, тарихи-географиялық түсініктердің қалыптасуына әсер етеді.

Осыған байланысты тарихи карталарды тек дереккөз ретінде емес, кеңістікті мағыналық тұрғыдан құрастыратын мәдени-танымдық құбылыс ретінде талдау

өзекті. Карталар проекция, масштаб, орталықтандыру, түстердің семантикасы және топонимия арқылы кеңістіктің физикалық параметрлерін ғана емес, картографтың дүниетанымдық ұстанымын, билік қатынастарын және мәдени кодтарды бейнелейді [1;2;3; 4;5;6;10;13;14;15;16]. Сондықтан картографиялық дәстүрлерді салыстырмалы зерттеу әртүрлі өркениеттердің Орталық Азияны қалай қабылдағанын және бұл қабылдаулардың кеңістіктік түсінікке қалай әсер еткенін анықтайды.

Исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлер ғасырлар бойы өңірдің төрт түрлі тұрақты бейнесін қалыптастырды: киелі орталық, әкімшілік периферия, өлшеу және жүйелеу объектісі, империялық игеру кеңістігі. Бұл репрезентациялар бүгінгі күнге дейін аймақтың тарихи қабылдануына ықпал етуде. Зерттеу осы бейнелердің құрылымын, семиотикалық негіздерін және олардың қазіргі кеңістіктік түсінікке әсерін талдауға бағытталған.

Зерттеудің маңыздылығы Қазақстан Республикасының білім беру саясатының мақсаттарымен де сабақтас. География мен Қазақстан тарихы пәндерінің оқу бағдарламалары кеңістіктік ойлауды, картографиялық сауаттылықты, тарихи деректерді талдау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруды көздейді (7.2.1.4, 8.3.5.1, 9.6.1.3). Бұл дағдылар ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи сабақтастықты түсіну және тарихи-географиялық бейнелерді саналы түрде бағалайды. Орталық Азияның тарихи карталардағы репрезентациясын талдау географияны оқытуда бірнеше маңызды педагогикалық міндетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Біріншіден, тарихи карталар кеңістіктік ойлауды дамытуға, географиялық объектілердің динамикасын, шекаралардың өзгеруін және өркениеттік ықпалдарды түсінуге жағдай жасайды. Екіншіден, картографиялық дәстүрлерді салыстыру оқушыларды деректерді сыни тұрғыдан талдауға, ақпараттың мәдени және идеологиялық шарттылығын аңғаруға үйретеді. Үшіншіден, карталардың семиотикалық және мағыналық құрылымдарын түсіндіру картографиялық сауаттылықты

арттырып, оқушылардың картаны тек бейнелеу құралы емес, күрделі танымдық модель ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Сонымен қатар исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлердің Орталық Азияны әртүрлі бейнелеуін зерделеу оқушылардың мәдениетаралық түсінігін кеңейтеді, тарихи сабақтастықты сезінуіне көмектеседі және ұлттық бірегейлікке қатысты сауатты пайым қалыптастырады. Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламаларында көзделген тарихи-географиялық деректерді интерпретациялау, кеңістіктік модельдер құрастыру және картамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту мақсаттарымен толық үйлеседі.

BR21882416 жобасы аясында орындалған зерттеу карталарды техникалық сипаттаудан мағыналық құрылымдар мен кеңістікті аңғару модельдерін талдауға бағытталды. Исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік дәстүрлердің визуалды тілдері салыстырылып, олардың Орталық Азияның тарихи бейнесін қалай құрағаны және бұл бейнелердің қазіргі кеңістіктік сана мен оқыту тәжірибесіне ықпалы қарастырылды [7;13;14;15;16].

Зерттеудің мақсаты – IX–XIX ғасырлардағы тарихи карталар негізінде Орталық Азияның исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлерде бейнелену ерекшеліктерін анықтау және бұл репрезентациялардың кеңістіктік түсінік пен білім беру үдерісіне ықпалын талдау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық базасын IX–XIX ғасырлар аралығында жасалған исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық мектептерге жататын 32 түпнұсқа тарихи карта құрайды. Бұл дереккөздер өркениеттік қамтудың кеңдігімен ерекшеленеді және техникалық тәсілдердің эволюциясын ғана емес, Орталық Азия кеңістігінің әр кезеңде қалай түсіндірілгенін салыстыруға мүмкіндік береді. Материалдар BR21882416 жоба-

сының зерттеу коллекциясы бойынша верификацияланды, даталауы, номенклатурасы, проекциялық шешімдері мен түпнұсқалық белгілері тексерілді [14].

Исламдық дәстүр аль-Истахри, аль-Кашғари және аль-Идриси еңбектері арқылы көрініс тапты; бұл карталарда өңір кеңістігі сакралды осьтер мен шеңберлік құрылымдар арқылы рухани центр ретінде бейнеленеді [4]. Қытайлық дереккөздер Цин дәуірінің *Huangyu Quanlan Tu* атласы мен «Тяньшань оңтүстік/солтүстік жолы» маршруттық схемаларымен ұсынылды [2; 3]; мұнда кеңістік әкімшілік иерархия және гарнизондық бақылау логикасымен құрылады. Еуропалық материалдар XV ғасырдағы Фра Мауро картасынан XVIII–XIX ғасырлардағы Г. д'Анвиль, Киперт және Андриво–Гужон еңбектеріне дейінгі кезеңді қамтиды [1; 5; 6]; бұл дәстүрде өлшеу, стандарттау және топонимдерді латындандыру басты рөл атқарады. Ресейлік материалдар XVI ғасырдағы «Үлкен чертежден» бастап С. Ремезовтың *Сібірдің Чертеж кітабы* (1701), XVIII ғасыр экспедициялары және XIX ғасырдағы әскери-топографиялық түсірілімдермен толықтырылады [9–10; 14], онда кеңістік империялық әкімшілік пен ғылыми топографияның объектісіне айналады.

Авторлық құқықтық және архивтік шектелерге байланысты кейбір карталардың толық репродукциялары мәтінге енгізілмегенімен, олардың аналитикалық деректері, мазмұндық сипаттамалары және визуалды параметрлері редакция мен рецензенттерге растауға ұсынылады. Негізгі дәстүрлердің көрнекі сипаттамасын беру үшін мақалада алты карта іріктеліп ұсынылған.

Зерттеу келесі сұрақтарға жауап беруге бағытталды:

- Әрбір картографиялық дәстүрде Орталық Азияның проекциялық, визуалдық және семиотикалық тәсілдер арқылы қалай бейнеленетінін анықтау;
- Картографиялық шешімдердің кеңістікті сакралды орталық әкімшілік

периферия немесе ғылыми-империялық игеру аймағы ретінде қабылдауды қалай қалыптастыратынын талдау;

- Тарихи карталардың мектептегі картографиялық ойлау мен кеңістіктік сауаттылықты дамытудағы қолдану мүмкіндіктерін айқындау.

Әдіснама үш негізгі тәсілдің бірігуіне негізделді. Біріншіден, контент-талдау карталардағы тұрақты мағыналық категорияларды анықтайды: орталық-периферия, жол жүйелері, табиғи және мәдени символдар, түстік семантика, шекаралар және номенклатура. Бұл элементтер кеңістікті билік пен өркениеттік идеялар арқылы түсіндірудің тұрақты кодтарын ашады.

Екіншіден, салыстырмалы-картографиялық талдау проекция, масштаб, жер бедерін көрсету, гидрографиялық желі, композициялық құрылым және шартты белгілерді салыстыру негізінде жүргізілді. Мұндай салыстыру ислам карталарындағы шеңберлік сакрализацияны, қытайлық маршруттық иерархияны, еуропалық метризацияны және орыс-ресейлік топографиялық-әкімшілік жүйелеуді айқындалатын визуалды конвенциялар ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Үшіншіден, семиотикалық талдау карталарды мәдени мәтін ретінде түсіндіруге бағытталды. Денотативтік деңгей (не салынған?) географиялық объектілерді, шекаралар мен жолдарды анықтауға мүмкіндік берсе, коннотативтік деңгей (нені білдіреді?) дәуірдің идеологиясын, саяси құрылымын және кеңістікті қабылдаудың өркениеттік мақсатын ашуға жағдай жасады. Осы тәсілдердің синтезі негізінде карта артефактісін талдаудың «техника → мағына → қабылдау» үлгісі әзірленіп, кеңістікті бейнелеудің материалдық элементтері кеңістікті пайымдаудың тұрақты кодтарына қалай айналатыны анықталды.

Қазақстан аумағының тарихи карталарын қазіргі заманғы картографиялық бейнелермен салыстыру кеңістікті аңғарудың ұзақ мерзімді эволюциясын — сакралды орталықтан бастап, әкімшілік-империялық оңтайландыруға (рационализация-

яға) дейін — айқындауға мүмкіндік берді. Бұл айырмашылықтар төрт кеңістіктік ойлау моделін анықтауға негіз болды: ислам дәстүріндегі шеңберлік сакральдылық; қытай дәстүріндегі маршруттық-иерархиялық жүйе; еуропалық картографиядағы сызықтық-геометриялық нормализация; ресейлік дәстүрдегі әкімшілік-торлы жүйелеу.

Зерттеу әдістері географияны оқытудағы кеңістіктік ойлау мен картографиялық сауаттылықты дамыту мақсаттарымен де сабақтас. Контенттік, салыстырмалы және семиотикалық талдау нәтижелері картадағы мағыналық құрылымдарды анықтауға және оларды оқу үдерісінде тарихи-географиялық деректерді интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттағы (бұдан әрі - МЖМБС) картамен жұмыс, кеңістіктік модельдеу және деректерді сыни талдау бойынша оқу мақсаттарымен үйлеседі.

Зерттеу педагогикалық эксперимент жүргізуді мақсат етпегенімен, оның әдіснамалық нәтижелері МЖМБС-қа сәйкес картографиялық сауаттылық пен кеңістіктік ойлауды дамыту міндеттерімен үйлеседі, сондықтан оқу-әдістемелік интеграция мақалада қосымша түсіндірме деңгейінде ұсынылады.

Нәтижелер

Жүргізілген талдау исламдық (османдық субдәстүрді қоса алғанда), қытайлық, еуропалық және ресейлік бес картографиялық дәстүрде Орталық Азияны кеңістікті аңғарудың әртүрлі модельдері арқылы

бейнелеу тұрақты түрде қайталанатынын көрсетті. Отыз екі тарихи картада қолданылған проекциялар, түстер, номенклатура және композициялық шешімдер кеңістікті жай ғана географиялық объект емес, белгілі бір дәуірдің дүниетанымы мен билік конфигурациясын бейнелейтін мағыналық құрылым ретінде құрастыратыны анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, техникалық параметрлер мен семиотикалық кодтар кеңістікті түсіндірудің негізгі тетігіне айналып, Орталық Азияны сакральды орталық, әкімшілік периферия, рационалды өлшеу нысаны немесе империялық бақылау аймағы ретінде аңғарудың түрлі үлгілерін қалыптастырады.

Исламдық дәстүрде талданған карталарда кеңістіктің сакральды орталықтандыру моделі айқын басым. Меккеге бағытталған шеңберлік композиция әлемді радиалды құрылым ретінде көрсетеді, ал Трансоксания Баласағұн, Бұхара, Самарқанд сияқты қалалары арқылы шет аймақ емес, рухани және зияткерлік өзек ретінде алдыңғы қатарға шығады. Түстік палитра сенім семантикасына негізделіп, жасыл мен көк өмір мен руханиятты, ал охра мен қызыл шөлдер мен шекараларды белгілейді; эпитеттік номенклатура қалалардың «ғалымдар қаласы», «әулиелер мекені» секілді мәртебелік сипаттамаларын бекітеді. Масштаб қашықтықты нақты өлшеуден гөрі маңыздылықты даралайтын сапалық шкала ретінде жұмыс істейді, сондықтан картада кеңістікті техникалық өлшеуден гөрі сакральды иерархияны бейнелеу басым. Аль-Истахридің *Kitab al-Masalik wa-l-Mamalik* еңбегіндегі дүниежүзілік картасы (1-сурет) осы ерекшеліктердің жинақталған үлгісі ретінде қарастырылды.



1-сурет. Аль-Истахридің исламдық дүниежүзілік картасы – Kitāb al-Masālik wa-l-Mamālik Аль-Истахридің «Кітап әл-масалик уа әл-мамалик» (Жолдар мен елдер кітабы) еңбегінен алынған карта, шамамен 1473–1474 жылдары жасалған (кеш кезеңдегі тізімнен).

Османдық субтрадиция исламдық космографиямен генетикалық байланысын сақтай отырып, еуропалық эмпирикалық тәсілдермен тоғысады. Кятиб Челебидің Cihannüma атласында Орталық Азия тек рухани кеңістік ретінде ғана емес, сонымен қатар өзендер, жолдар және қалалардан тұратын нақты географиялық жүйе ретінде көрінеді. Шеңберлік түсінік сақталғанмен, проекция мен масштабта өлшеуге, арақашықтықты нақтылауға және навигациялық функцияға бағдар-


ланған шешімдер күшейеді. Трансоксания мен Дешт-и Қыпшақ аймақтары қазіргі қазақ далаларына сәйкес келетін аумақ ретінде айқын шектеліп, олардың саяси-географиялық субектілік мәртебесі көрсетіледі. Осылайша, османдық картография исламдық сакралды модельді эмпирикалық сипаттаумен ұштастырып, кеңістікті бақылауға болатын және өлшенетін нысанға біртіндеп айналдырады (2-сурет).



2-сурет. Кятіб Челебидің Орталық Азияға арналған османдық картасы – Cihannüma

Қытайлық дәстүрде кеңістік әкімшілік иерархия мен маршруттық логикаға негізделген. Канси атласы мен Тяньшань бағыттарын бейнелейтін карталарда Тяньшань арқылы өтетін оңтүстік және солтүстік жолдар бойындағы гарнизондар, бақылау пункттері және бекеттер желісі көрсетіліп, империялық инфрақұрылымның құрылымы алдыңғы планға шығады. Кеңістік орталықтандырылған сакральды ось арқылы емес, жол бойымен қозғалыс бағыты бойынша ұйымдастырылатын сызықтық жүйе ретінде бейнеленеді; арақашықтықтың

негізгі өлшемі ретінде жол уақыты алынады. Иероглифтік номенклатура қоныстардың мәртебесін, бағыныштылық деңгейін және әкімшілік иерархиядағы орнын айқындайды, ал киноварь мен охра түстері билік орталықтары мен шекаралық аймақтарды ерекшелейді. Перспективаның болмауы мен жазық графика кеңістікті әкімшілік жазықтық ретінде қабылдауға итермелейді, мұнда негізгі назар бақылау мен интеграция функциясына аударылады (3-сурет).



3-сурет. Тяньшань оңтүстік жолы / 天山南路
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған


Еуропалық дәстүрде XVI ғасырдан бастап Орталық Азияны рационалды өлшеу, жіктеу және стандарттау нысанына айналдыру үрдісі байқалады. Меркатор және оған жақын цилиндрлік проекциялар теңіз-де бағдарлауға қолайлы болғанымен, солтүстік ендіктерді ұлғайтып, Еуропаның визуалды үстемдігін күшейтеді; бұл геометриялық шешім картографиялық кеңістіктегі күш теңгерімін деформациялаудың маңызды құралына айналады. Символдардың унификациясы, шартты белгілердің біріздендірілуі және гидрографиялық желіні, рельефті, шекаралар-

ды көрсету тәсілдерінің стандартизациясы өңірді «нормаланған» географиялық объект ретінде қабылдануға жұмыс істейді. Топонимдерді латындандыру жергілікті атауларды әмбебап географиялық категорияларға аударады, осылайша Баласағұн, Қашғар секілді тарихи атаулар Transoxiana, Tartaria, Turkestan секілді кең көлемді құрылымдарға «құйылып» кетеді. D'Anville, Kiepert және Andriveau-Goujon карталары (4–6-суреттер) осы рационалистік модельдің негізгі үлгілерін танытады.

T.C. BASBAKANLIK OSMANLI ARSIVI DAIRE BASKANLIGI (BOA) ©



4-сурет. D'Anville – *Geographie Ancienne Abrégée*
 Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған



5-сурет. Kiepert – Turan oder Türkistan.
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған



6-сурет. Andrieux-Goujon – Atlas classique et universel.
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған

Орыс-ресейлік дәстүрде барлау, әкімшілік жоспарлау және ғылыми сипаттама функциялары тоғысқан кешенді картографиялық тіл қалыптасады. XVI ғасырдағы «Үлкен чертежден» бастап С. Ремезовтің «Сібірдің Чертеж кітабына» және XIX ғасырдағы әскери-топографиялық экспедицияларға дейінгі материалдар кеңістікті сызықты-торлы проекция және егжей-тегжейлі топография арқылы қайта құрастырады. Гарнизондар, форпосттар, почта станциялары, елді-мекендер мен этнографиялық белгілер картада бір жүйеге түсіріліп, Орталық Азия империялық

басқару және ғылыми зерттеу нысаны ретінде ұсынылады. Ресей ғылым академиясының академиялық карталарында қазақ жерлері біртіндеп дербес географиялық аймақ ретінде бөлініп көрсетіліп, табиғи-ландшафтық ерекшеліктер мен этникалық құрам туралы деректермен толықтырылады. Ремезовтің «Чертежная книга Сибири» еңбегіндегі «Тартария или область Хивинского ханства» картасы (7-сурет) осы әкімшілік-топографиялық модельдің репрезентативті мысалы болды.



7-сурет. «Тартария или область Хивинского ханства», С. Ремезов – Чертежная книга Сибири, 1701. <https://kp.rusneb.ru/item/reader/sluzhebnyaya-chertezhnaya-kniga-teksty-i-chertezhi>

Бес дәстүрді салыстырмалы түрде қарастыру нәтижесінде проекция түрі, масштаб сипаты, түстік семантика, орталықтандыру тәсілі, номенклатура және картаның басым функциялары бойынша тұрақты айырмашылықтар жинақталды. Бұл параметрлер 1-кестеде жүйелендірілді, онда исламдық дәстүр үшін шеңберлік-радиалды проекция мен сенім символикасына негізделген түстер, османдық дәстүр үшін сакралды және эмпириялық палитраның үйлесімі, қытайлық дәстүр үшін маршруттық проекция мен билік иерархиясын көрсететін түстік кодтар, еу-

ропалық дәстүр үшін метризацияланған масштаб пен натуралистік бояу, ал ресейлік дәстүр үшін топографиялық егжей-тегжей мен функционалды бояу тәсілдері бөліп көрсетілген. Сондай-ақ әр дәстүрде кеңістікті аңғарудың өзіндік моделі қалыптасқаны айқындалады: исламдық карталарда әлем намаз шеңбері ретінде, османда әлем жол мен бақылау өрісі ретінде, қытайлықта әлем жолдар мен әкімшілік иерархия желісі ретінде, еуропалықта әлем тор және норма ретінде, ал орыс-ресейлікте әлем есеп пен бақылау жүйесі ретінде ұсынылады.

1-кесте. Картографиялық әдістер мен олардың функциялары (бес дәстүрді салыстыру)

Параметр	Исламдық	Османдық	Қытайлық	Еуропалық	Орыс-ресейлік
Проекция түрі	Шеңберлік, радиалды (орталық – Мекке)	Радиалды және Меркаторлық синтез	Маршруттық сызықты	Цилиндрлік (Меркатор), торлы	Сызықты-торлы, топографиялық
Масштаб	Сапалық, рухани (маңыздылық > қашықтық)	Сипаттамалық және эмпириялық үйлесімі	Уақыттық, әкімшілік	Метрикалық, геометриялық	Топографиялық, егжей-тегжейлі
Түстік семантика	Сенім символикасы (жасыл – өмір, көк – руханият)	Сакралды және натуралисттік палитра аралас	Билік иерархиясы (киноварь, охра, тушь)	Натурализм және биіктік/су жүйесі бойынша градация	Функционалды бояу (шекаралар, рельеф, этностар)
Орталықтандыру	Мекке / Трансоксания – сакралды орталық	Стамбул – әлемдік жүйеге кіру нүктесі	Бейжің / Қашғар – әкімшілік ядро	Париж / Гринвич – геодезиялық нөл	Петербург / Омбы – әкімшілік тірек пункті
Номенклатура	Эпитеттік («ғалымдар қаласы», «әулиелер мекені»)	Екітілді (түрік-араб), географиялық сипаттамалармен	Иероглифтік, иерархиялық	Латындандырылған, біріздендірілген	Орыстандырылған, этнографиялық элементтермен
Картаның функциясы	Теологиялық / дидактикалық	Сипаттамалық / навигациялық / басқарушылық	Әкімшілік / интеграциялық	Ғылыми-геосаяси / отаршылдық	Мемлекеттік-ғылыми / топографиялық / этнографиялық
Қабылдау түрі	Сакралды-орталықтанған	Эмпирикалық-бақылаулық	Маршруттық-иерархиялық	Рационалды-нормативтік	Әкімшілік-сипаттамалық / жүйелік
Кеңістіктік модель	Әлем – намаз шеңбері	Әлем – жол және бақылау	Әлем – жол және иерархия	Әлем – тор және норма	Әлем – есеп пен бақылау жүйесі

Дереккөз: Автор тарапынан IX–XIX ғғ. 32 түпнұсқа картаны талдау негізінде құрастырылған [1–6; 10–12; 14], BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдары негізінде.

Осылайша, түрлі дәстүрлердегі картографиялық техникалар мен семиотикалық шешімдерді салыстыру Орталық Азияны тарихи картографияда «бос кеңістік» ретінде емес, әрқашан белгілі бір мағыналық мәртебесі бар, саяси және мәдени жағынан анықталған аймақ ретінде

аңғару тұрақты түрде қайталанатынын көрсетті. Бұл нәтижелер кейінгі талқылау бөлімінде кеңістікті сакральды орталықтан, әкімшілік перифериядан және ғылыми-империялық игеру нысанынан тұратын көпқабатты менталдық карта ретінде интерпретациялауға негіз болды.

Жүргізілген талдау тарихи картографиялық дәстүрлердің Орталық Азияны әртүрлі кеңістіктік модельдер арқылы бейнелегенін ғана емес, осы модельдердің оқу үдерісінде кеңістіктік ойлау мен кар-

тографиялық сауаттылықты қалыптастыру үшін маңызды танымдық ресурс бола алатынын көрсетті. Әр дәстүрдегі проекция, масштаб, номенклатура және түстік семантика сияқты элементтердің семиотикалық мәнін түсіндіру оқушыларға картаны дайын ақпарат ретінде емес, белгілі бір дүниетанымның таңбалық жүйесі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл МЖМБС-тағы (7–9 сынып) тарихи-географиялық деректерді интерпретациялау, картографиялық модельдер жасау және деректерді сыни талдау бойынша оқу мақсаттарымен тікелей үйлеседі.

Сонымен қатар исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік дәстүрлердің кеңістікті әртүрлі идеологиялық және мәдени кодтар арқылы құрастыратынын салыстыру оқушылардың мәдениетаралық түсінігін, тарихи рефлексиясын және кеңістікті қабылдаудың эволюциясын бағамдау дағдыларын дамытады. Тарихи карталардың сакралды, әкімшілік, навигациялық, ғылыми немесе империялық мәндерге ие болуы география сабағында кеңістіктің көпқабатты табиғатын түсіндірудің тиімді құралы ретінде қолданыла алады.

Талқылау

Алынған нәтижелер көрсеткендей, әр дәуірдегі Орталық Азияны картографиялық бейнелеу кеңістікті тек географиялық нысан ретінде тіркеудің тәсілі емес, оны мағыналық тұрғыдан құрастырудың интеллектуалдық құралы болған. Проекцияны, орталықты, түстерді, номенклатураны және композициялық шешімдерді таңдау сол кезеңнің танымдық тәртібін, құндылықтар жүйесін және билік туралы түсінігін бейнелеген. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи карталар аймақты әртүрлі мәдени-өркениеттік жүйелердің «көзқарасымен» көрсететін семиотикалық артефакт болып табылады: сакралды тәртіптен бастап әкімшілік бақылау мен ғылыми рационалдылыққа дейін. Бұл байқаулар алдыңғы зерттеушілердің тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Горшенина еуропалық картографтар, со-

ның ішінде Дженкинсоннан бастап, Орталық Азия кеңістігін өз маршруттары мен сауда мүдделеріне бейімдеп, оны қозғалыс, бақылау және игеру функциясына айналдырғанын көрсетеді [1]. Черч «Канси атласын» биліктің визуалды инфрақұрылымы ретінде түсіндіреді, онда империялық жолдар мен күзет бекеттері кеңістікті реттелген әлем, ал орталықты қалыптастырушы күш ретінде бейнелейді [2]. Цао қытайлық дереккөздерде «орталық – шет аймақ» бинарлығы тұрақты құрылым ретінде жұмыс істейтінін, кеңістіктің маңыздылығы Бейжіңнен әкімшілік қашықтықпен өлшенетінін дәлелдейді [3]. Сыдықназаров ислам карталарын сакралды топология ретінде қарастырады: онда атаулар, киелі орындар мен жолдар жүйесі қазақ даласы мен Орталық Азияны біртұтас рухани-мәдени континуум ретінде көрсетеді [4]. Гарбузарова «Орталық Азия» ұғымының өзі картографиялық тілге, сонымен бірге саяси контекстке тәуелді мәдени-идеялық құрылым екенін баса айтады [5]. Лайсханов пен Шагимгереева табиғи нысандардың – Арал, таулар, далалар – карталарда ұжымдық жад маркерлеріне айналғанын, кеңістіктің мәдени-символдық мәнге ие болғанын көрсетеді [6; 7]. Кожирова XVIII–XIX ғасырлардағы орыс картографтары жүргізген түсірілімдерді талдай отырып, бұл карталардың тек әскери-әкімшілік мақсаттарға ғана емес, сонымен бірге Орталық Азияны тұтас табиғи-мәдени аймақ ретінде ғылыми тануға қызмет еткенін дәлелдейді [10; 14].

Осы тұжырымдардың барлығы «техника – мағына – қабылдау» (Т–М–Қ) аналитикалық моделінің дұрыстығын растайды. Техника – картаның визуалды тілі: проекция шекараның қай жерде «көрінетінін» анықтайды, түстер эмоционалдық код береді, шартты белгілер білімді құрылымдайды. Мағына – осы техникалық тіл арқылы берілетін мәдени және идеологиялық құрылым: ислам картографиясы сакралды орталықтандыруды күшейтеді, қытай дәстүрі әкімшілік иерархияны көрсетеді, еуропалық мектеп кеңістікті метризациялайды, ал орыс-ресейлік картография оны ғылыми жүйелеу мен бақылаудың нысанына айналдырады. Қабылдау – осы екі деңгейдің өзара әре-

кеттесу нәтижесі: кеңістік рухани орталық, шет периферия, ғылыми нысан немесе геосаяси тоғыс ретінде елестетіледі.

Зерттеу нәтижелерінің мәдени-өркеніеттік мағынасы айқын: Орталық Азия әртүрлі дәстүрлерде әрқашан көрінетін, анықталған, картаға түсірілген, атауланған және мағыналанған кеңістік ретінде өмір сүрді. Аймақ ешқашан «бейтарап бос жер» ретінде қабылданбаған; керісінше, ол әр кезеңнің танымдық және саяси логикасына сай тұрақты түрде орталықтандырылып немесе арнайы құрылымдалған.

Бұл қазіргі Қазақстан аумағының тарихи легитимділігі мен мәдени сабақтастығын дәлелдейтін маңызды визуалды дерек-көздер қатарына жатады.

Осы айырмашылықтарды жүйелеу мақсатында исламдық, османдық, қытайлық, еуропалық және орыс-ресейлік картографиялық мектептерде кеңістікті визуализациялау параметрлері, проекция түрлері, түстік семантика, функциялары мен қабылдау модельдері көрсетілген салыстырмалы кесте құрастырылды (2-кесте).

2-кесте. Картографиялық әдістер мен олардың функциялары (бес дәстүрді салыстыру)

Параметр	Исламдық	Османдық	Қытайлық	Еуропалық	Орыс-ресейлік
Проекция түрі	Шеңберлік, радиалды (орталық – Мекке)	Радиалды + Меркатор синтезі	Маршруттық, сызықты	Цилиндрлік (Меркатор), торлы	Сызықты-торлы, топографиялық
Масштаб	Сапалық, рухани (маңыздылық > қашықтық)	Сипаттамалық және эмпириялық үйлесім	Уақыттық, әкімшілік	Метрикалық, геометриялық	Топографиялық, егжей-тегжейлі
Түстік семантика	Сенім символикасы (жасыл — өмір, көк — руханият)	Сакралды + натуралистік палитра	Билік иерархиясы (киноварь, охра)	Биіктік/су жүйесі бойынша натурализм	Әкімшілік-функционалды бояу (шекара, рельеф, этностар)
Орталықтандыру	Мекке / Трансоксания — сакралды ядро	Стамбул — әлемдік жүйе торабы	Бейжің / Қашғар — әкімшілік орталық	Париж / Гринвич — геодезиялық нөл	Петербург / Омбы — әскери-әкімшілік тірек
Номенклатура	Эпитеттік («ғалымдар қаласы» т.б.)	Түрік-араб екітілді, сипаттамалық	Иероглифтік, иерархиялық	Латындандырылған, біріздендірілген	Орыстандырылған + этнографиялық элементтер
Картаның функциясы	Теологиялық, дидактикалық	Навигациялық, сипаттамалық, басқарушылық	Әкімшілік, интеграциялық	Ғылыми-геосаяси, отаршылдық	Мемлекеттік-ғылыми, топографиялық, этнографиялық
Қабылдау моделі	Сакралды-орталықтанған	Эмпирикалық-бақылаулық	Маршруттық-иерархиялық	Рационалды-нормативтік	Әкімшілік-сипаттамалық
Кеңістіктік модель	«Әлем — намаз шеңбері»	«Әлем — жол және бақылау»	«Әлем — жол және иерархия»	«Әлем — тор және норма»	«Әлем — есеп пен бақылау жүйесі»

Дереккөз: Автор тарапынан IX–XIX ғғ. 32 түпнұсқа картаны талдау негізінде құрастырылған [1–6; 10–12; 14].

Білім беру тұрғысынан тарихи карталармен жұмыс істеу айтарлықтай әлеуетке ие. Зерттеу барысында педагогикалық эксперимент жүргізілмеді және оқыту тиімділігі салыстырмалы зерттеулер арқылы тексерілмеді. Сондықтан педагогикалық аспект зерттеудің негізгі әдіснамасына енгізілмеді. Дегенмен алынған картографиялық материалдар мен талдау тәсілдері оқу процесінде құнды мазмұндық және әдістемелік ресурс бола алады. Кеңістікті визуалды интерпретациялау, тарихи карталарды салыстыру, әр дәстүрдегі бейнелеу тәсілдерінің астарындағы мәдени кодтарды талдау – 7–9 сыныптарға арналған МЖМБС мақсаттарына дәл сәйкес келетін дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл оқушыға картаны тек географиялық құрал емес, дүниетанымдық мәтін ретінде оқуға, картографиялық бұрмалаулардың артындағы идеологиялық және тарихи жағдайларды көруге, кеңістіктің мәдени конструкт ретіндегі табиғатын түсінуге жол ашады.

Осы себепті педагогикалық валидтілік эксперименттік деректер арқылы емес, оқу мақсаттарына бағытталған қолданбалы ұсыныстар арқылы қамтамасыз етіледі. Карталарды интерпретациялау дағдылары география (7.2.1.4; 8.2.2.1), Қазақстан тарихы (7.1.1.1; 9.3.1.3) және дүниежүзі тарихы (8.2.2.2; 9.4.1.3) пәндерінің мазмұндық желілерімен тікелей байланысты, ал дәстүрлерді салыстыру оқушыда кеңістіктік өзіндік сана мен тарихи сабақтастық сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Осылайша, тарихи картография – ғылыми зерттеудің де, мектептегі білім берудің де маңызды құралы. Карталар кеңістікті мағыналық жағынан ұйымдастыру арқылы ұлттық бірегейлікке, мәдени сабақтастыққа және географиялық ойлауға әсер етеді. Орталық Азияның IX–XIX ғасырлардағы картадағы бейнесін талдау кеңістікті елестетудің ұзақ тарихи дәстүрін қалпына келтіреді және қазіргі Қазақстанның тарихи-мәдени легитимділігін визуалды деңгейде дәлелдеуге мүмкіндік береді.

реді.

Қорытынды

Орталық Азияның IX–XIX ғасырлардағы тарихи карталары кеңістікті тек географиялық тіркеудің құралы емес, әр дәуірдің интеллектуалды, мәдени және идеологиялық жүйелерін бейнелейтін күрделі семиотикалық артефакт болып табылады. Картографтың таңдаған проекциясы, масштабты беру тәсілі, түстік палитрасы мен топонимиясы белгілі бір кезеңдегі билік логикасын, әлемді түсіндіру моделін және өңірге қатысты кеңістіктік елестетулерді білдірді. Талдау көрсеткендей, исламдық дәстүр Орталық Азияны өркениеттің сакралды өзегі ретінде, османдық дәстүр – сакралдық мағынаны эмпириялық бақылаумен ұштастырылған ландшафт ретінде, қытайлық дәстүр – әкімшілік-иерархиялық периферия ретінде, еуропалық картография – рационалды өлшеу мен геосаяси жіктеудің нысаны ретінде, ал орыс-ресейлік дәстүр – топографиялық түсіру мен ғылыми жүйелеудің объектісі ретінде көрсетті.

Бұл көпқабатты бейнелеулер өңірдің географиясын ғана емес, оның тарихи-философиялық ұғынылуын қалыптастырды: Орталық Азия әр дәстүрдің визуалды тілінде ерекше мағыналық мәртебеге ие болды — сакралды орталықтан бастап әкімшілік периферияға, ғылыми-экспедициялық нысаннан империялық бақылау кеңістігіне дейін. Ұсынылған «техника – мағына – қабылдау» аналитикалық моделі осы трансформациялардың құрылымын ашуға мүмкіндік берді және картографиялық шешімдердің қалай мәдени кодқа айналғанын көрсетті.

Зерттеу шеңберінде білім беру аспектісі арнайы педагогикалық эксперимент деңгейінде қарастырылмағанымен, алынған нәтижелер оқу үдерісінде қолдануға болатын мазмұндық-әдістемелік әлеуетке ие. Тарихи карталармен жұмыс оқушыны тек карта оқу дағдысына ғана емес, кеңістіктік ойлау, визуалды дәлелдермен жұмыс істеу және мәдени-тарихи репрезентацияларды салыстыра талдау қабілетіне үй-

ретеді. Карталарды әртүрлі дәстүрлерде салыстыра талдау МЖМБС талап ететін құзыреттерді – сыни талдау, визуалды интерпретация, кеңістікті мәдени код ретінде түсіну – қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Осылайша, бұл зерттеудің қолданбалы маңызы география, Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндеріндегі кеңістіктік және тарихи түсініктерді тереңдетуге негіз болады.

Зерттеу нәтижелерінен туындайтын практикалық ұсыныстардың бірі – Орталық Азияның тарихи карталарына арналған ұлттық цифрлық репозиторий құру. Мұндай репозиторий карталардың академиялық сипаттамаларын, метадеректерін, проекциялық ерекшеліктерін және QGIS форматындағы географиялық қайта жинақтауларын біріктіріп, оларды оқу, ғылыми сараптама және визуалды-аналитикалық жұмыстар үшін қолжетімді ететін орталықтандырылған ресурсқа айналарады. Бұл қадам картографиялық мәдениетті дамытып, кеңістіктік өзіндік сананы нығайтуға, сондай-ақ жас ұрпақтың тарихи және географиялық ойлауын тереңдетуге ықпал етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетімен қаржыландырылған BR21882416 «Орталық Азияның тарихи географиясы» атты бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру аясында орындалды.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Горшенина, С.М.** Энтони Дженкинсон және XVI ғасырдағы Орталық Азияның картографиялық сұлбаларын қайта қарастыру // *Qazaq Historical Review*. – 2023. – № 1(1). – Б. 22–55.
2. **Church, S.K.** The Kangxi Atlas and the Cartography of Qing China // *Imago Mundi*. – 2011. – Vol. 63, no. 2. – P. 203–225.
3. **Cao, J.** Chinese Imagination of Central Asia and Eurasia // *Central Asian Survey*. – 2021. – Vol. 40, no. 4. – P. 512–531.
4. **Сыдықназаров, М.А.** Карталардағы қазақ мемлекеттілігі. – Астана: ЕҰУ, 2024. – 214 б.
5. **Garbuzarova, E.G.** Geopolitical Approaches to the Term “Central Asia” // *Post-Soviet Studies / Central*

Asian Studies. – 2021. – Vol. 3, no. 4. – P. 77–93.

6. **Laishanov, Sh.** The Aral Sea in Historical Maps // *Geo-Information Research Journal*. – 2024. – № 2. – P. 54–68.
7. **Shagimgereeva, B.E.** Peoples of Central Asia as Historical Sources // *New Studies of Tuva*. – 2024. – № 2. – P. 37–59.
8. **Pomfret, R.** Central Asia – Twenty Five Years After the Collapse of the USSR // *Eurasian Studies Journal*. – 2017. – Vol. 9, no. 2. – P. 15–36.
9. **Щукина, Н.М.** Орталық Азия картасы қалай жасалды. – Мәскеу: Ғылыми әлем, 2019. – 176 б.
10. **Кожирова, С.** XVII–XIX ғғ. Орталық Азияны зерттеу мен басқарудағы ресейлік картографияның рөлі // *Шығыстану және орталықазиялық зерттеулер журналы*. – 2023. – № 4. – Б. 88–103.
11. **Атығаев, Н.А.** және т.б. Ортағасырлық климаттық өзгерістердің Орталық Азиядағы көрінісі // *Биогеографиялық зерттеулер журналы*. – 2025. – Т. 7, № 1. – Б. 45–63.
12. **Atik, K., Beylur, S., Kenzheakhmet, N.** From Chinggisid to Modern State: Geopolitics and Sovereignty in Central Eurasia during the 17th and 18th Centuries [Электронды ресурсы] // URL: <https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/8096-published.pdf> (қаралған күні: 05.11.2025).
13. **Needham, J.** Science and Civilisation in China. – Cambridge: Cambridge University Press, 1959. – Vol. 3. – 478 p.
14. Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдары (Google Drive, шектеулі қолжетімділік).
15. **Эмирова, М.Е.** Картографиялық сауаттылық негіздерін қалыптастыру әдістемесін енгізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері // *Ғылым және білім берудің заманауи мәселелері*. – 2021. – № 3. – [Электронды ресурсы]. – URL: <https://science-education.ru/article/view?id=30797> (қаралған күні: 23.10.2025). – DOI: 10.17513/spno.30797.
16. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» [Электронды ресурсы]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767> (қаралған күні: 07.11.2025).

References

1. **Gorshenina, S.M.** Entoni Dzenkinson zhane XVI gasyrdagy Ortalyq Azianyn kartografiyalyq sulbalarun qaita qarastyru [Anthony Jenkinson and the Reappraisal of Sixteenth-Century Cartographic Representations of Central Asia] // *Qazaq Historical Review*. – 2023. – № 1(1). – B. 22–55.
2. **Church, S.K.** The Kangxi Atlas and the Cartography of Qing China // *Imago Mundi*. – 2011. – Vol. 63, no. 2. – P. 203–225.
3. **Cao, J.** Chinese Imagination of Central Asia and Eurasia // *Central Asian Survey*. – 2021. – Vol. 40, no.

4. – P. 512–531.
4. **Sydyqnasarov, M.A.** Kartalardagy qazaq memlekettılığı [Kazakh Statehood as Reflected in Maps]. – Astana: EYU, 2024. – 214 b.
5. **Garbuzarova, E.G.** Geopolitical Approaches to the Term “Central Asia” // *Post-Soviet Studies / Central Asian Studies*. – 2021. – Vol. 3, no. 4. – P. 77–93.
6. **Laiskhanov, Sh.** The Aral Sea in Historical Maps // *Geo-Information Research Journal*. – 2024. – № 2. – P. 54–68.
7. **Shagimgereeva, B.E.** Peoples of Central Asia as Historical Sources // *New Studies of Tuva*. – 2024. – № 2. – P. 37–59.
8. **Pomfret, R.** Central Asia – Twenty Five Years After the Collapse of the USSR // *Eurasian Studies Journal*. – 2017. – Vol. 9, no. 2. – P. 15–36.
9. **Shchukina, N.M.** Ortalyq Aziia kartasy qalai zhasaldy [How the Map of Central Asia Was Made]. – Maskeu: Gylymi alem, 2019. – 176 b.
10. **Kozhirova, S.** XVII–XIX gg. Ortalyq Azianyn zertteu men basqarudagy reseilik kartografianyn roli [The Role of Russian Cartography in the Exploration and Administration of Central Asia in the Seventeenth to Nineteenth Centuries] // *Shygystanu zhane ortalyqazialyq zertteuler zhurnaly*. – 2023. – № 4. – B. 88–103.
11. **Atygaev, N.A.** zhane t.b. Ortugasyrlyq klimatyz ozgeristerdin Ortalyq Aziadagy korinisi [Manifestations of medieval climate change in Central Asia] // *Biogeografialyq zertteuler zhurnaly*. – 2025. – T. 7, № 1. – B. 45–63.
12. **Atik, K., Beylur, S., Kenzheakhmet, N.** From Chinggisid to Modern State: Geopolitics and Sovereignty in Central Eurasia during the 17th and 18th Centuries [Electronic resource] // URL: <https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/8096-published.pdf> (accessed: 05.11.2025).
13. **Needham, J.** Science and Civilisation in China. – Cambridge: Cambridge University Press, 1959. – Vol. 3. – 478 p.
14. Suret BR21882416 zhobasy aiasyndagy arhiv materialdary [Archival materials from the BR21882416 project] (Google Drive, shekteuli qolzhetimlilik).
15. **Emirova, M.E.** Kartografialyq sauattylyq negizderin qalyptastyru adistemesin engizu boiynsha tazhiribelik-eksperimentaldyq zhumystyn natizheleri [Results of the experimental work on implementing the methodology for developing the foundations of cartographic literacy] // *Gylym zhane bilim berudin zamanai maseleleri*. – 2021. – № 3. – [Elektrondy resurs]. – URL: <https://science-education.ru/article/view?id=30797> (qaralgan kuni: 23.10.2025). – DOI: 10.17513/spno.30797.
16. QR Oqu-agartu ministrinin 2022 zhylygy 16 qyrkuiektegi № 399 buiyrqy «Zhalpy bilim beru uiymdaryna arnalgan ulgiliq oqu bagdarlamalaryn bekitu turaly» [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated 16 September 2022 No. 399 “On the approval of model curricula for general education organisations”] [Elektrondy resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767> (accessed: 07.11.2025).

Особенности отображения территории Центральной Азии на исторических картах и картографические методы и семантические модели, используемые при их изучении

Р.А. Каратабанов¹, Ж.Ф. Тенькебаева²

¹Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан

²Филиал «Центр педагогических измерений»
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
г. Астана, Республика Казахстан



Аннотация. Цель исследования — выявить особенности репрезентации Центральной Азии в исламской, китайской, европейской и русско-российской картографических традициях на основе анализа исторических карт IX–XIX вв. С применением контент-анализа и семиотического подхода были реконструированы проекционные решения, визуальные приёмы и символические коды 32 аутентичных карт, что позволило разработать трёхуровневую модель интерпретации картографического артефакта (техника → смысл → восприятие). Установлено, что исламская традиция формировала образ сакрального центра, китайская — административной периферии, европейская — объекта рационального измерения, а

русско-российская — пространства научного описания и имперского контроля. Показано, что исторические карты выступают не только средствами отображения, но и инструментами культурной интерпретации пространства; полученные результаты могут быть использованы для развития картографического мышления, пространственной идентичности и методической практики в образовательных организациях Республики Казахстан.



Ключевые слова: историческая картография, Центральная Азия, проекция, символика, пространственное восприятие.

Features of the depiction of the territory of Central Asia on historical maps and cartographic methods and semantic models used in their study

R.A. Karatabanov¹, Zh.F. Tenkebayeva²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, The Republic of Kazakhstan

²Branch of the «Center for Pedagogical Measurements»
AEO «Nazarbayev Intellectual Schools»
Astana, The Republic of Kazakhstan



Abstract. The aim of this study is to examine how Central Asia is represented within Islamic, Chinese, European, and Russian cartographic traditions based on historical maps from the 9th to the 19th centuries. Using content and semiotic analysis, projection systems, visual techniques, and symbolic codes were reconstructed across 32 authentic maps, leading to the development of a three-level interpretive model (technique → meaning → perception). The findings demonstrate that Islamic cartography conceptualized the region as a sacred center, Chinese maps depicted it as an administrative periphery, European cartography framed it as an object of rational measurement, and Russian maps portrayed it as a space of scientific exploration and imperial control. The study shows that historical maps function not only as geographic representations but also as cultural interpretations of space; these insights hold practical value for developing cartographic thinking, spatial identity, and educational practices in the Republic of Kazakhstan.



Keywords: historical cartography, Central Asia, projection, symbolism, spatial perception.

Материал баспаға 13.08.2025 келіп түсті